

ӘКІМНІҢ АЛҒЫСЫ



17 қараша —
Халықаралық
студенттер күні
Ақтөбе облысы әкімі
Ералы Тоғжанов
өңірдің жоғары оқу
орындары және
колледждерінің
белсенді
студенттерімен
кездесті. Шара
барысында
әкім олардың
біркатарына
Алғыс хатын
табыстады.
Жалғасы
4-бетте.

Осы санда

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ —
АҚТӨБЕДЕ



6-7 66

ZHUBANOV UNIVERSITY
КОНФУЦИЙ ИНСТИТУТЫ
30 ҮЗДІК ІШІНДЕ



8-9 66

УНИВЕРСИТЕТ ПЕН
АУДАН БАЙЛАНЫСЫ:
ОРТАҚ МАҚСАТ



Мәртөк ауданы

10-13 66

☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА МЕДИЦИНАЛЫҚ-ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ КЛАСТЕР ҚҰРЫЛАДЫ

Бұл мәселе өңірге жұмыс сапарымен келген «СК-Фармация» ЖШС басқарма төрағасы Ерхат Есқалиевтің Ақтөбе облысының әкімі Ералы Тұғжановпен кездесуі нәтижесінде шешілді.

«Бүгінгі таңда инновациялық өнімдерді өндіруге, денсаулық сақтау саласына технологиялар трансфертіні енгізуге, оны цифрландыру бағытында ілгерілетуге, сондай-ақ кластерлік бастаманы дамытуға ерекше мән берілуде. Өндірістік алаңдар мен жетекші медициналық жоғары оқу орындары Астана және Шымкент қалаларымен бірге Ақтөбе қаласында да бар. Бұл үш өңір – медициналық-фармацевтикалық кластер құруға ең қолайлысы және тартымдысы», — деді Ерхат Есқалиев.



Облыс әкімі игі бастамаға өңірлік деңгейде жан-жақты қолдау көрсетінін атап өтіп, «Біз денсаулық сақтау саласына инвестициялар тартып, озық технологиялар мен инновацияларды енгізуге, жоғары технологиялық медициналық техника өндірісін Ақтөбеде шоғырландыруға, фармацевтикалық өндірісті дамытуға, дәрігерлердің біліктілігін арттыруға мүдделіміз. Осы бағыттар бойынша жұмысты қолдауға дайынбыз», — деді.

Кездесуге қатысқан Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова: «Елімізде 2025 жылға қарай экспорт үлесін азайта отырып, отандық фармацевтикалық өндірістің үлесін 50%-ға дейін арттыру жоспары тұр. Осы міндетті орындау үшін Ақтөбеде медициналық техника және фармацевтика өндірісін дамытуға бағытталған медициналық-фармацевтикалық кластер құрылатыны жақсы жаңалық.

Кластерге «СК-Фармация», Назарбаев Университет, «Ақтөберентген» зауыты, М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті сияқты негізгі стейкхолдерлермен бірге біздің университетіміз де кіреді. Атап айтсақ, Zhubanov University технологиялық компетенциялар орталығы ретінде медициналық жабдықтармен жұмыс істейтін IT кадрларды даярлайтын болады.

Бүгінде университетімізде 100-ге жуық болашақ IT мамандар білім алуда. Әрине, сапаны көтеру бағытында жұмыс істейміз. «Ақтөберентген» зауытымен ынтымақтастық келісімі аясында зауыт өкілдері білім беру бағдарламаларының сапасын бақылауға қатысу үшін академиялық комитеттерге енгізілді, ал қаңтар айында студенттерімізді зауытқа өндірістік тәжірибеге жіберіп, арнайы сертификациядан өткізу мәселесін шешетін боламыз. Зауыт тарапынан академиялық ұтқырлық шеңберінде студенттерімізді қаржыландыру мәселесі де талқылануда.

Сонымен қатар, зауыттың тапсырысы бойынша рентген бейнелерін компьютерлік талдау бағытындағы зерттеу тобымыз өз жұмысын бастайды.

Алдағы күндері облыс әкімдігі жанынан арнайы жұмыс тобы құрылып, нақты іс-қимылдар картасы әзірленеді және жаһандық биокластерлермен байланыс орнатылады», — деп атап көрсетті.

В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ БУДЕТ СОЗДАН МЕДИКО- ФАРМАЦЕВТИЧЕСКИЙ КЛАСТЕР

Такое решение было принято в ходе встречи, прибывшего в регион с рабочим визитом, председателя правления ТОО «СК-Фармация» Ерхата Есқалиева с акимом Актыубинской области Ералы Тұғжановым.

«Сегодня придается ключевое значение производству инновационных продуктов, продвижению отрасли здравоохранения в направлении транс-

фера технологий, ее цифровизации, а также развитию кластерной инициативы. Ввиду концентрации производственных площадок и ведущих медицинских вузов, Актобе является одним из трех наиболее привлекательных регионов для создания медико-фармакластеров, наряду с Астаной и Шымкентом», — сказал Ерхат Есқалиев.

Аким области отметил, что данная инициатива на региональном уровне будет поддержана всесторонне.

«Мы заинтересованы в привлечении инвестиций, передовых технологий и инноваций в сфере здравоохранения, локализации в Актобе производства высокотехнологичной медицинской техники, развития фармацевтического производства, повышении квалификации врачей. Готовы поддержать работу по всем этим направлениям», — подчеркнул Ералы Тұғжанов.

Ректор Zhubanov University Лаура Карабасова, принявшая участие в мероприятии, отметила: «К 2025 году планируется увеличить долю отечественного фармпроизводства до 50% при снижении доли экспорта. Радует то, что для выполнения этой задачи в Актобе будет создан медико-фармацевтический кластер, направленный на развитие производства медицинской техники и лекарственных средств. В кластер входит наш университет наряду с ключевыми заинтересованными сторонами, такими как «СК-Фармация», Nazarbayev University, завод «Актоберентген», Западно-Казахстанский медицинский университет им. М.Оспанова. В частности, Zhubanov University как центр технологических компетенций будет обучать IT-персонал для работы с медицинским оборудованием. На сегодняшний день в нашем университете обучается около 100 будущих IT-специалистов.

Конечно, мы работаем в направлении улучшения качества. В рамках договора о сотрудничестве с заводом «Актоберентген» представители производства включены в состав академических комиссий для участия в контроле качества образовательных программ. В январе направим наших студентов на завод для прохождения производственной практики и решим вопрос спецтестации. В рамках академической мобильности обсуждается и вопрос финансирования наших студентов. Кроме того, по заказу АО начнет свою работу наша исследовательская группа по компьютерному анализу рентгеновских снимков. В ближайшие дни при областном акимате будет создана специальная рабочая группа, разработан карта конкретных действий, налажены контакты с глобальными биокластерами», — подчеркнул она.

A MEDICAL AND PHARMACEUTICAL CLUSTER WILL BE CREATED IN AKTOBE REGION

This decision was made during the meeting of the Chairman of the Board of SK-Pharmacy LLP Erkhata Eskaliev, who arrived in the region on a working visit, with Akim of the Aktoobe region Yerally Tugzhanov.

"Today, key importance is attached to the production of innovative products, the promotion of the healthcare industry in the direction of technology transfer, its digitalization, as well as the development of a cluster initiative. Due to the concentration of production sites and leading medical universities, Aktoobe is one of the three most attractive regions for the creation of medical-pharmaceutical clusters, along with Astana and Shymkent", - said Yerkhata Yeskaliyev.

Akim of the region noted that this initiative at the regional level will be fully supported. "We are interested in attracting investments, advanced technologies and innovations in the healthcare sector, localizing the production of high-tech medical equipment in Aktoobe, developing pharmaceutical production, and improving the skills of doctors. We are ready to support the work in all these areas", - Yerally Tugzhanov stressed.

Zhubanov University Rector Laura Karabasova, who took part in the event, noted: "By 2025, it is planned to increase the share of domestic pharmaceutical production to 50% while reducing the share of exports. The good news is that in order to fulfill this task, a medical and pharmaceutical cluster will be created in Aktoobe, aimed at developing the production of medical equipment and medicines. The cluster includes our university along with key stakeholders, such as SK-Pharmacy, Nazarbayev University, the Aktoberentgen plant, West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University. In particular, Zhubanov University, as a technological competence center, will train IT staff to work with medical equipment. Today, about 100 future IT specialists study at our university.

Of course, we are working towards quality improvement. Within the framework of the cooperation agreement with the Aktoberentgen plant, production representatives are included in the academic commissions to participate in quality control of educational programs. In January, we will send our students to the plant for practical training and solve the issue of special certification. As part of academic mobility, the issue of financing our students is also being discussed. In addition, our research group on computer analysis of X-ray images will begin its work on the order of the JSC. In the coming days, a special working group will be created under the regional akimat, a map of specific actions will be developed, contacts will be established with global bioclusters".

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

ҚАЗАҚСТАНДА ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ ӨТІ

20 қарашада Қазақстанда Президент сайлауы өтті.

Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) төрағасы Нұрлан Әбдіровтің хабарлауынша, Қасым-Жомарт Тоқаевқа 6 млн 456 мың 392 сайлаушы (81,31%) дауыс берген. Ал «Бәріне қарсымын» графасын 460 484 (5,8%) сайлаушы таңдаған.

Президенттікке өзге кандидаттарға:

- Жигули Дайрабаевқа 271 641 (3,42%) сайлаушы,
- Қаракат Әбденге 206 мың (2,6%) сайлаушы,
- Мейрам Қажыкенте 200 907 (2,53%) сайлаушы,
- Нұрлан Аuesбаевқа 176 116 (2,22%) сайлаушы,
- Салтанат Тұрсынбековаға 168 731 (2,12%) сайлаушы дауыс берген.

Сайлауға қатысты пікірін білдірген Zhubanov University ректоры Лаура Карабасова:

— Бұл — тек Президент сайлауы ғана емес, алдағы 7 жылға еліміздің даму бағытын айқындайтын Таңдау. Сайлауға қатысатын әр азамат шешімді осы оймен қабылдаса, азаматтық белсенділік деңгейі де артап.

Саяси маңызы зор шарада Ақтөбе жұртшылығы, академиялық орта өкілдері, жастар өздерінің азаматтық құқығын пайдаланып, өз дауысын береді деп ойлаймын.

Мен бүгін тұрақтылық, бірлік және даму үшін өз таңдауымды жасадым! — деді.

В КАЗАХСТАНЕ ПРОШЛИ ПРЕЗИДЕНТСКИЕ ВЫБОРЫ

20 ноября в Казахстане прошли Президентские выборы.

По сообщению председателя Центральной избирательной комиссии (ЦИК) Нурлана Абдирова, за Касым-Жомарта Токаева проголосовало 6 миллионов 456 тысяч 392 избирателя (81,31%). А 460 484 (5,8%) избирателя выбрали графу «Против всех».

Другие кандидаты в президенты набрали следующие голоса:

- за Жигули Дайрабаева 271 641 (3,42%) проголосовавших,
- за Каракат Абден 206 тыс. (2,6%) проголосовавших,
- за Мейрам Кажикен 200 907 (2,53%) проголосовавших,
- за Нурлана Аuesбаева 176 116 (2,22%) проголосовавших,
- за Салтанат Тұрсынбекову 168 731 (2,12%) проголосовавших избирателей.

Ректор Zhubanov University Лаура Карабасова поделилась своим мнением о выборах:

«Это не только президентские выборы, но и выборы, которые определяют направление развития страны на ближайшие 7 лет. Если каждый гражданин, участвующий в выборах, примет решение с учетом этого, уровень гражданской активности также повысится. Верю, что общественность Актөбе, представители академической среды, молодежь воспользуются своими гражданскими правами и отдадут свой голос в событии большого политическо-

го значения. Сегодня я сделала свой выбор в пользу стабильности, единства и развития!»

PRESIDENTIAL ELECTIONS WERE HELD IN KAZAKHSTAN

On November 20, Presidential elections were held in Kazakhstan.

According to the chairman of the Central Election Commission (CEC) Nurlan Abdirov, 6 million 456 thousand 392 voters (81.31%) voted for Kassym-Jomart Tokayev. And 460,484 (5.8%) voters chose the "Against all" column.

Other presidential candidates scored the following votes:

- for Zhiguli Dayrabaev 271,641 (3.42%) voters,
- for Karakat Abden 206 thousand (2.6%) voted,
- for Meiram Kazhiken 200,907 (2.53%) voters,
- for Nurlan Auesbaev 176 116 (2.22%) voted,
- 168,731 (2.12%) voters voted for Saltanat Tursynbekova.

Rector of Zhubanov University Laura Karabasova shared her opinion about the elections: "These are not only presidential elections, but also elections that will determine the direction of the country's development for the next 7 years. If every citizen participating in elections decides with this in mind, the level of civic participation will also increase. I believe that the public of Aktobe, representatives of the academic environment, young people will use their civil rights and cast their vote in an event of great political significance. Today I have made my choice in favor of stability, unity and development!"

ҰЛЫБРИТАНИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ ДИПЛОМЫ

Ұлыбританиялық университет дипломы Zhubanov University-де оқып алуға болады.

Келесі оқу жылынан басталатын талапкерлер үшін бұл мүмкіндік әлемнің жетекші жоғары оқу орны — Ұлыбританиялық Heriot-Watt University (HWU) ректорымен жоғары деңгейдегі келіссөз нәтижесінде қол жеткізілді.

Heriot-Watt University ректоры Марк Биггс Ақтөбеге арнайы іссапармен келіп, университетінің филиалын ашу мәселесін өңір басшысы Ералы Тогжановпен, Zhubanov University ректоры Лаура Карабасовамен талқылады.

«Ұлыбританиялық әріптестермен бірнеше ай жүргізген келіссөздердің соңғы кезеңіне жеттік. Шетелдік қонақтарға оқу орнымызды таныстырып, стратегиялық серіктестіктің маңызды тұстарын талқыладық. Кездесуді ынтимақтастық туралы меморандумға қол қойып, қорытындыладық.

Келісім бойынша Heriot-Watt университеті біздің университеттің базасында «Мұнай-газ ісі», «Энергетика», «Компьютерлік техника» (бакалавриат) білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ «Өнеркәсіп менеджменті» мамандығы бойынша магистратура бағдарламасын ашуды жоспарлап отыр. Бұл мамандықтар өңірдің сұранысына қарай таңдалды.

Оқыту стандарты мен сапаны ұлыбританиялық жоғары оқу орны бақылайды. Ал сабақты арнайы дайындықтар өткен отандық оқытушылар жүргізеді. Қос университет арасындағы стратегиялық серіктестік сәтті жүзеге асқан жағдайда, талапкерлерді келесі оқу жылына арнайы талаптармен қабылдай бастаймыз. Оқуды аяқтаған студенттерге Heriot-Watt University және Zhubanov University қос дипломы беріледі.

Heriot-Watt University ректорымен университеттің серіктесі — Ақтөбе ферроқорытпа зауытында да болып, өндіріс базасының жұмысын таныстырдық», — деді Лаура Карабасова.

Өңірдегі келіссөз ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінде бекітілді. Бұл ірі іс Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізде шетелдік беделді техникалық жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу туралы тапсырмасына сай жүзеге асып отыр.

Heriot-Watt (HWU) университетінің негізі 1821 жылы қаланған. ЖОО Эдинбург қаласында орналасқан. Әлемдік QS рейтингінде математика, химия инженериясы, құрылыс, электр техникасы және мұнай өнеркәсібі пәндері бойынша үздік 200 университеттің қатарында.

Бұл ЖОО-ның Дубай және Малайзияда филиалдары жұмыс істейді.

ДИПЛОМ БРИТАНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА

Диплом университета Великобритании можно получить в Zhubanov University. Для абитуриентов, начиная со следующего учебного года, такая возможность будет доступна в результате достигнутых переговоров на высоком уровне с ректором ведущего высшего учебного заведения мира — британского университета Heriot-Watt University (HWU).

Ректор Heriot-Watt University Марк Биггс прибыл в Актөбе со специальным визитом, чтобы обсудить вопрос об открытии филиала своего университета с главой региона Ералы Тогжановым и ректором Zhubanov University Лаурой Карабасовой.

«Мы вышли на завершающую стадию переговоров с британскими коллегами, которые ведем уже несколько месяцев. Представили зарубежным гостям наше учебное заведение и обсудили важные моменты стратегического партнерства. Мы завершили встречу подписанием меморандума о сотрудничестве.

Согласно договору Heriot-Watt University на базе нашего университета планирует открытие образовательных программ «Нефтегазовое дело», «Энергетика», «Вычислительная техника» (бакалавриат), а также магистерскую программу по специальности «Промышленный менеджмент». Эти специальности были выбраны в соответствии со спросом региона.

Стандарт и качество образования будут контролироваться британским вузом. Занятия проводят специально подготовленные отечественные педагоги. Если стратегическое партнерство между двумя университетами будет успешно реализовано, мы начнем прием абитуриентов на следующий учебный год с особыми требованиями. После окончания учебы выпускники получат двойной диплом Heriot-Watt University и Zhubanov University.

С ректором Heriot-Watt University мы также посетили Актөбинский завод ферросплавов, являющимся партнером нашего университета, ознакомились с работой производственной базы», — рассказала Лаура Карабасова.

Переговоры согласованы с Министерством науки и высшего образования РК. Эта благотворная работа проводится в соответствии с поручением Главы государства Касым-Жомарта Токаева об открытии в стране филиалов престижных зарубежных технических высших учебных заведений.

Heriot-Watt University был основан в 1821 году. Университет расположен в Эдинбурге. В мировом рейтинге QS входит в число 200 лучших вузов по

математике, химическому машиностроению, строительству, электротехнике и нефтяной промышленности. Этот университет имеет филиалы в Дубае и Малайзии.

BRITISH UNIVERSITY DIPLOMA

A British University Diploma can be obtained at Zhubanov University. For applicants, starting from the next academic year, this opportunity will be available as a result of high-level negotiations reached with the rector of the world's leading higher education institution - the British university Heriot-Watt University (HWU). The rector of Heriot-Watt University Mark Biggs arrived in Aktobe on a special visit to discuss the issue of opening a branch of his university with the head of the region, Yerally Togzhanov, and the rector of Zhubanov University, Laura Karabasova.

"We have reached the final stage of negotiations with our British colleagues, which we have been conducting for several months already. We introduced our educational institution to foreign guests and discussed important points of strategic partnership. We ended the meeting by signing a memorandum of cooperation. According to the agreement, Heriot-Watt University plans to open oil and gas business, energy, computer engineering (bachelor's) educational programs on the basis of our university, as well as a master's program in industrial management.

The standard and quality of education will be controlled by a British university. Classes are conducted by specially trained domestic teachers. If the strategic partnership between the two universities is successfully implemented, we will start accepting applicants for the next academic year with special requirements. After graduation, graduates will receive a double diploma from Heriot-Watt University and Zhubanov University.

With the rector of Heriot-Watt University, we also visited the Aktobe Ferroalloy Plant, which is a partner of our university, got acquainted with the work of the production base", - said Laura Karabasova.

Negotiations are coordinated with the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan. This beneficial work is being carried out in accordance with the instructions of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to open branches of prestigious foreign technical higher educational institutions in the country.

Heriot-Watt University was founded in 1821. The university is located in Edinburgh. In the world rankings QS is among the top 200 universities in mathematics, chemical engineering, construction, electrical engineering and the oil industry. This university has branches in Dubai and Malaysia.

✓ November 17 - International Students Day

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Алғыс хат иесінің бірі Zhubanov University “Азық-түлік өнімдерінің технологиясы” білім бағдарламасы бойынша білім алып жатқан 3-курс студенті Айдос Адилов. (Газет мұқабасындағы фотода). Үздік студентке өңір басшысы жастар саясатын жүзеге асыру мен дамытудағы зор үлесі үшін алғыс айтты.

Айдоспен қатар университеттің тағы төрт студенті мереке күні осындай құрметке бөленді. Олар — “Физика” мамандығының 4-курс студенті Әділет Түкембайұлы, “Қазақ тілі мен әдебиеті” мамандығының 4-курс студенті Ермахан Байдырахман, “Музыкалық білім” мамандығының 4-курс студенті Арсен Жақсылық, “Мұнай-газ ісі” мамандығының 3-курс студенті Сатбек Орақов.

Мерекелік кездесуде Ералы Тоғжанов студент-жастарды ешқашан жалқауланбай, әрдайым ізденіп, үздік оқып, тынымсыз еңбектенуге шақырды.

“Бүгінде Ақтөбеде заманауи талаптарға жауап беретін 4 жоғары оқу орны бар. Бұл жоғары оқу орындарында 52 мамандық бойынша 25 154 (Zhubanov University — 15218, М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінде — 4634, С.Баишев атындағы университетте — 2427, Қазақ-Орыс Халықаралық университетінде — 2875) студент білім алуда.

Аталған жоғары оқу орындары оқытушылық-профессорлық құрам және білім алушылардың білімі мен білігін арттыру бойынша көршілес Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, Орталық Азия елдері және экономикасы дамыған еуропа мемлекеттерімен байланыс орнатып, халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырып отыр.

Атап айтқанда, келесі оқу жылында Ұлыбритания мемлекетінің әйгілі Хериот-Уатт университеті Zhubanov University базасында “Мұнай газ ісі”, “Энергетика” және “Компьютерлік техника” білім беру



ӘКІМНІҢ АЛҒЫСЫ

бағдарламасын, сондай-ақ “Өнеркәсіп менеджменті” мамандығы бойынша магистратура бағдарламасын ашады.

Жастардың сапалы білім алу мәселесі тұрақты бақылауда. Жалпы өңірде 66 мың жастың жоғары білімі бар.

2021-2022 оқу жылы ЖОО бітірген 5423 түлектің жұмысқа орналасу көрсеткіші 72 пайызды құрады.

Облыстағы осы 4 жоғары оқу орны бойынша 4 580 орынға арналған 12 жатақхана бар. Бұл өңірдегі студенттердің жатақханаға қажеттілігін толығымен қамтамасыз етіп отыр.

Zhubanov University-де «Жаңа мамандықтар атласы» оқу бағдарламасына енгізіледі. Бұл студенттердің оқып жүріп, табыс табуына үлкен мүмкіндіктер береді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жастарға арнаған Үндеуінде «Білімге ұмтылу және болашақ цифрлық технологиялар мен инновациялар заманы туралы» айтқан болатын. Біздің ел жастардың қатысуымен азаматтардың әл-ауқаты мен өмір сүру са-

пасын арттыруды қамтамасыз ете отырып, бәсекеге қабілетті болуы тиіс. Осы бағытта дарынды жастарымыздың бастамаларын іске асыруда жан-жақты қолдауға дайынбыз. Қазіргі жаһандану заманында келешегі кемел бағыт — IT саласына жастарымыздың бет бұрып, елеулі жетістіктерге жетіп жатқаны бізді қуантады.

Ақтөбе қаласындағы Назарбаев интеллектуалдық мектебінің түлегі, «RobiGroup» компаниясын құрып, елімізде ең алғаш рет адам тектес роботты құрастырған Ермек Серікбай, «Thousand IT Group» компаниясын құрып, 30-дан астам қазақ тілді мобильді қосымша, оның ішінде қазір жастар арасында кеңінен танымал «AQUA.BATTLE» қосымшасын ойлап шығарған Айболат Құлатайдай жастарымыздың болашағынан үлкен үміт күтеміз.

Осындай жастарымыздың әлеуетін пайдалана отырып өңірімізде жастарға арналған технологиялық парк ашылғалы отыр.

Сонымен қатар, студенттердің уақытын тиімді пайдалану мақса-

тында Өнер орталығында желтоқсан айында Креативтік орталық ашылады.

Креативтік орталық ішінде әлемнің жарық жұлдызы, еліміздің мақтанышы, жерлесіміз Димаш Құдайбергенге арналған фан-зона, фрилансер, тиктокер, шығармашыл және өнерлі жастардың жұмыс жасауына арнайы жабдықталған орындар болады.

Осыдан бір ай бұрын «Шығармашылық академиясы» ғимаратында Ақтөбе қаласының бірқатар белсенді жастарымен кездесу өткізген болатынмын. Көптеген ұсыныстар болды. Өңірдегі жастарымыздың ең негізгі ұсыныстарының бірі — жеңілдетілген тұрғын-үй мәселесі болатын. Біз қысқа мерзімде бұл мәселенің шешімін таптық. Қазіргі таңда Отбасы банкімен жастарға арналған төменгі пайызды несие беру бойынша тиісті жұмыстар басталып кетті, жыл аяғына дейін кемінде 50 жас отбасы өз пәтеріне қол жеткізетін болады.

Қазір өңірімізде бастау алып жатқан, ауыл тұрғындарының әлауқатын көтеруге арналған «Ауыл аманаты» бағдарламасына туған жерін көркейтуге өз үлесін қосқысы келетін барлық жастарымызды белсенді қатысуға шақырамын.

Бүгінгі кездесуіміздің де негізгі мақсаты — сіздер сияқты жас өрендеріміздің ұсыныстарын тыңдап, оны іске асыру жолдарын бірге іздестіру. Сондықтан озық ойларымызды, жаңаша бастамаларымызды ортаға салуға шақырамын.

Кез келген ағаш тамырсыз шықпайды. Тамыры берік, мықты ағаш қана жел соғып, дауыл тұрса да құламайды, сынбайды. Сол сияқты кез келген мемлекеттің еш қиындыққа мойымай, тек қана алға бастайтын күші ол — жастар.

Жастар неғұрлым жалынды әрі іске мығым болса, мемлекет болашағы да соғұрлым мықты, берік, тұрақты болады.

Болашақта Ақтөбенің жаңа стартаптары Қазақстанның заманауи брендіне айналатынына сенімдімін», — деді Е.Тоғжанов.



☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

САЛТАНАТТЫ
ҰЛЫҚТАУ РӘСІМІ

26 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты салтанатты ұлықтау рәсімі өтті.

Конституцияның 42-бабына сәйкес, Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа ант берді.

Сайланған Қазақстан Президентінің қызметке кірісу құрметіне орай Мемлекеттік әнұран ойналып, 21 рет зеңбіректерден оқ атылды. Ал «Ақорда» резиденциясының үстінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтерілді.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстан Республикасы Президентінің куәлігін тапсырды.

Мемлекет басшысы салтанатты ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзінде өзіне зор сенім артқан барша отандасына алғыс айтты.

— Халықтың сенімі — ең құнды нәрсе. Сайлау нәтижесін халқымыздың саяси бағдарыма — бағасы, алдағы жоспарыма — батасы деп қабылдаймын. Халқының қолдауына ие болып, ел тізгінін ұстау — ер азамат үшін ең биік мәртебе әрі орасан зор жауапкершілік. Алдағы 7 жылды бүгінгі буынның және келешек ұрпақтың алдындағы борышымды өтеуге берілген бірегей мүмкіндік деп білемін. Қазақта «аманат» деген асыл ұғым бар. Халқымның сенімі — маған аманат. Осы аманатқа адал болу — мен үшін қасиетті парыз. Ел үмітін ақтап, Қазақстанды өркендеген, бақуатты мемлекетке айналдыру үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ұлықтау рәсіміне Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттары, Үкімет мүшелері, Жоғарғы сот судьялары, Конституциялық Кеңестің мүшелері, Президент Әкімшілігі мен Премьер-Министр Кеңсесінің өкілдері, орталық мемлекеттік басқару органдарының басшылары, Орталық сайлау комиссиясы мен Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшелері, діни конфессия өкілдері, облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, Қазақстандағы дипломатиялық өкілдіктердің басшылары, президенттікке үміткер болғандар, саяси партиялардың басшылығы, Республикалық және аймақтық қоғамдық штабтардың мүшелері, қоғамдық ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, іскер топтар өкілдері, көрнекті ғалымдар, мәдениет және өнер қайраткерлері, жастар ұйымдарының жетекшілері қатысты.

ЦЕРЕМОНИЯ
ИНАУГУРАЦИИ

26 ноября состоялась церемония инаугурации Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева. Согласно статье 42 Конституции Касым-Жомарт Токаев принес присягу народу. В честь инаугурации новоизбранного Президента Казахстана прозвучали Государственный Гимн и 21 артиллерийский выстрел. Над резиденцией «Акорда» поднят Государственный Флаг Республики Казахстан. Председатель Центральной избирательной комиссии Нурлан Абдилов вручил Касым-Жомарту Токаеву удостоверение Президента Республики Казахстан. В своем выступлении на церемонии инаугурации Глава государства поблагодарил всех соотечественников, оказавших ему высокое доверие.



"Доверие народа – это самая высокая ценность, которую невозможно сравнить ни с чем. Итоги выборов я расцениваю как поддержку моей политической платформы и мандат доверия на реализацию планов на предстоящий период. Возглавлять страну, пользуясь всенародной поддержкой, – это высокая честь и колоссальная ответственность. Расцениваю это как уникальную возможность в предстоящие семь лет исполнить свой долг перед нынешним и будущими поколениями. У казахов есть благородное понятие "аманат" – завет. Доверие народа – это вверенный мне аманат. И исполнить его – мой священный долг. Я приложу все усилия для того, чтобы оправдать доверие народа и превратить Казахстан в процветающее и благополучное государство", – заявил Касым-Жомарт Токаев.

В церемонии инаугурации приняли участие Первый Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев, депутаты Парламента Республики Казахстан, члены Правительства, судьи Верховного суда, члены Конституционного совета, представители Администрации Президента и Канцелярии Премьер-министра, руководители центральных органов государственного управления, члены Центральной избирательной комиссии, члены Ассамблеи народа Казахстана, представители религиозных конфессий, акимы областей, городов Астаны, Алматы и Шымкента, главы аккредитованных в Казахстане дипломатических представительств, кандидаты в Президенты, руководители политических партий, члены республиканского и региональных общественных штабов, представители общественных организаций, средств массовой информации, деловых кругов, видные деятели науки, культуры и искусства, лидеры молодежных организаций.

INAUGURATION
CEREMONY

On November 26, the inauguration ceremony of the President of the Republic of Kazakhstan, Kassym-Jomart Tokayev, took place. According

to Article 42 of the Constitution, Kassym-Jomart Tokayev swore an oath to the people. In honor of the inauguration of the newly elected President of Kazakhstan, the National Anthem and 21 artillery shots were sounded. The State Flag of the Republic of Kazakhstan was raised above the Akorda residence. Chairman of the Central Election Commission Nurlan Abdirov presented Kassym-Jomart Tokayev with a certificate of the President of the Republic of Kazakhstan. In his speech at the inauguration ceremony, the Head of State thanked all compatriots who had shown him high confidence.

"The trust of the people is the highest value that cannot be compared with anything. I regard the results of the elections as support for my political platform and a mandate of trust for the implementation of plans for the coming period. Leading a country with popular support is a great honor and a colossal responsibility. I regard this as a unique opportunity in the next seven years to fulfill my duty to the current and future generations. The Kazakhs have a noble concept of "amanat" – a covenant. The trust of the people is the amanat entrusted to me. And to fulfill it is my sacred duty. I will make every effort to justify the trust of the people and turn Kazakhstan into a prosperous state", – Kassym-Jomart Tokayev said.

The inauguration ceremony was attended by the First President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev, deputies of the Parliament of the Republic of Kazakhstan, members of the Government, judges of the Supreme Court, members of the Constitutional Council, representatives of the Presidential Administration and the Office of the Prime Minister, heads of central government bodies, members of the Central Election Commission, members of the Assembly of the People of Kazakhstan, representatives of religious confessions, akims of regions, cities of Astana, Almaty and Shymkent, heads of diplomatic missions accredited in Kazakhstan, presidential candidates, leaders of political parties, members of the republican and regional public headquarters, representatives of public organizations, the media, business circles, prominent figures of science, culture and art, leaders of youth organizations.

✓ Togyzkumalak World Championship

Қазақстанда тоғызқұмалақтан VI әлем чемпионаты өтті. Чемпионатты өткізуге Ақтөбе қаласы таңдалды. Чемпионатқа қатысуға әлемнің 20 елінен: Ауғанстан, АҚШ, Антигуа және Барбуда, Әзірбайжан, Бангладеш, Германия, Қытай, Қырғызстан, Колумбия, Латвия, Моңғолия, Өзбекстан, Пәкістан, Румыния, Түркменстан, Түркия, Ұлыбритания, Үндістан, Чехия, Қазақстаннан 80 спортшы қатысты.

Чемпионатта ел намысын халықаралық аренада жетістігі бар 12 спортшы: жарыстың классика түрінен — Темірбаев Ғалымжан (ҚРЕССШ), Бостандықов Бексұлтан (ХДСШ), Қожанәсіп Аңсаған (ХДСШ), Далиева Әсел (ҚРЕССШ), рапид түрінен — Керейбаев Ринат (ҚР СШ), Әләйдар Ермұхамед (ҚР СШ), Далиева Әсел (ҚРЕССШ), Махамбетамин Ұлдана (ҚР СШ), блиц түрінен — Хұсайынов Медет (ХДСШ, Ақтөбе), Қайыржанов Әсет (ҚР СШ), Алдабергенова Гүлжанат (ХДСШ,



Әлем чемпионаты — Ақтөбеде

Ақтөбе), Серікқызы Мөлдір (ҚР СШ, Ақтөбе) қорғады. Олардың үшеуі ақтөбелік.

Чемпионатқа қатысушы 40 спортшы тоғызқұмалақтың классикалық түрінен, 40 спортшы блицтен, және де жолдама арқылы де рапид түрінен жарысты.

Zhubanov University тоғызқұмалақтан әлем чемпионатына демеуші

Дүбірлі жарысты ҚР мәдениет және спорт министрлігі, Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясы, Ақтөбе облысының әкімдігі ұйымдастырып отыр. Жарысқа Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы, «The One Hotel Astana» қонақ үйі,

Zhubanov University, «Қабак баба қоғамдық қоры» демеуші болды.

Әлем чемпионатына бас демеуші әрі ұйымдастырушысының бірі болған Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінде тоғызқұмалақ ұлттық спортын дамытуға баса назар аударылған. Мұнда тоғызқұмалаққа арнайы кабинет жабдықталған, онда ұлтымыздың төл спортына қызығушы жастар легі көбейіп келеді. Студент-жастарды республикаға есімі мәлім Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, тоғызқұмалақшы, жас оқытушы Азамат Қайдаров жаттықтырады. Университет ректоры Лаура Қарабасова Тоғызқұмалақ бойынша облыстық федерацияны басқарады. Университет базасында тоғызқұмалақ спортынан жоғары оқу орындары арасында бірнеше жарыстар, тоғыз-

құмалақтан қалалық, облыстық турнирлер, Азия чемпионаты өткізілді.

"Әлем жарыстарында көк туымызды желбіретіп жүрген ақтөбелік спортшыларымызды мақтан тұтамыз. Олардың қатарында тоғызқұмалақтан екі дүркін әлем чемпионы Нұрбек Қабиев, әлем чемпионы Диана Кенина, халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері Медет Хұсайынов, Гүлжанат Алдабергенова, Аманбек Өндімбаев, Азамат Хайдаров, спорт шебері Алмагүл Такишева, Мөлдір Серікқызы секілді спортшыларымыз бар", — деп атап көрсетті Л.Қарабасова құттықтау жазбасында.

Чемпионат қорытындысы бойынша Zhubanov University "Денешынықтыру және спорт" мамандығының 4-курс студенті, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Гүлжанат Алдабергенова тоғызқұмалақтың блиц түрінен әлем чемпионы атанды.

Әлем чемпионатын өткізу үлкен мәртебе

Алтыншы рет өткізіліп отырған тоғызқұмалақтан әлемдік жарысқа қатысушыларға чемпионаттың ресми ашылуында Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының президенті Ә.Байменов, ҚР Спорт және дене шынықтыру істері комитетіне қарасты Ұлттық және ат спорты түрлері орталығының директоры Б.Сәбитов, дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының вице-президенті, ҚР Парламент мәжілісінің депутаты М.Раманқұлов қатысты.

Чемпионатты құттықтау сөзімен ашқан Ақтөбе облысының әкімі Ералы Тоғжанов Ақтөбе өңірі үшін әлемдік деңгейдегі жарысты өткізу үлкен мәртебе екендігін айтты.

«Тоғызқұмалақ — 4 мың жылдық тарихы бар, ақыл-ойды дамытатын қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі. Бабаларымыз ойлап тапқан зияткерлік спорттың адамзат өркениетінен алар орны ерекше. Қазіргі таңда тоғызқұмалақ ойыны әлемнің түкпір-түкпірінде танымал спорт түріне айналды. 2019 жылы ЮНЕСКО-ның мәдени мұралар тізіміне енді. 2010 жылы тоғызқұмалақтан Астана қаласында бірінші Әлем чемпионаты ұйымдастырылса, VI Әлем чемпиона-



ты киелі мекен Ақтөбеде өткелі отыр. Облыста кәсіби тұрғыда қарқынды дамып келе жатқан спорт түрімен 20 мыңнан аса адам шұғылданады. Соңғы жылдары аймақтық рейтинг қорытындысы бойынша үздік үштікте келеміз. Әрі қарай облысымызда тоғызқұмалақ спортын дамытуға барлық жағдай жасалатындығын жеткізім келеді», — деді облыс әкімі.

Чемпионаттың жалпы жүлде қоры 1 млн. теңгеден аса қаржыны құрады. Әлемдік жарыс бір аптаға созылды.

Тоғызқұмалақ қазақ халқының ұлттық шахматы

Тоғызқұмалақ қазақтың сайын даласында ең көп тараған ойын түрі дейді. Ойынның шығу тарихын 4 мың жылдық кезеңмен есептегенмен, оның пайда болуына байланысты кейбір мамандардың "бұдан да көп уақыт болуы әбден мүмкін" деген пікірі айтылып жүр.

Археологтар төрт мың жылдық ойын тарихын оның тастан ойылып жасалған ежелгі тақтасын табу арқылы дәлелдеп отыр. Онымен қоса, тоғызқұмалақ ойынының аты Қытай жазбаларында да кездеседі. Мысалға, ежелгі ғұн тәңірқұты қытай әскерін талқандауда, соғыс барысын осы ойынның әдіс-тәсілдері мен тактикаларына сүйене отырып жүргізген деген ойлар айтылады.

Ал қазақи аңыздарға сүйенсек тоғызқұмалақ қойшылардың ермегі болған. Олар күнұзақ қой соңында жүріп, уақыт өткізу үшін осы ермекті ойлап тапқан. Кейін ойын ауызба ауыз тарап, ұлттық масштабты қамтыған болса керек.

Әлем ұстазы Әл-Фараби тоғызқұмалақ ойнауды жақсы көрген, тіпті зерттеп, жазбаларында қалдырған. Ал ұлы ақын, данағей Абай тоғызқұмалақтан жарыс өткізіп тұрған. Құмарланып ойнайтын сүйікті ісі болған. Оның тастан ойып жасалған тоғызқұмалақ тақтасы Жидебайдағы музейінде тұр.

Сонымен бірге тоғызқұмалақты ғалым-зерттеуші Шоқан Уәлиханов, әйгілі жазушы Мұхтар Әуезов, хас батыр Бауыржан Момышұлы, Халық артисі Қалибек Қуанышбаев да сүйіп ойнаған.

Ойынға халықаралық деңгейде қызығушылық өсіп келеді. Қазір тоғызқұмалақпен тек шетелдегі қазақтар ғана емес, Ұлыбритания, Франция, Германия, Испания, Чехия, Ресей, Моңғолия, Қытай мемлекеттерінде жергілікті тұрғындар да айналысады.

Чемпионаттағы жаңалықтар

Әлем чемпионаты кезінде Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының отырысы өтіп, онда құрлықтардағы істерге жауапты вице-пре-



зиденттер болып Md Al Mamun (Бангладеш), Oscar Fajardo (Колумбия) және Naim Belgin (Румыния) сайланды. Осыған дейін сайланған Radka Nevzalova (Чехия), Rauf Özgen (Түркия), Асылхан Сәкей (Моңғолия), Мақсат Раманқұлов (Қазақстан) тоғызқұмалақ спортын дамытуда жемісті еңбек етуде.

Күнделікті жұмысты Дүниежүзі федерациясының Бас хатшысы Мақсат Шотаев пен атқарушы директор Лина Каримова үйлестіретін болады.

Сондай-ақ федерация отырысында Ұлыбританиялық Seth Bonti Asamoah, Латвиялық Любовь Азимова, Антигуа Барбудалық Trevor Simon және Қытай Халық Республикасынан Ғалымбек Қабылұлына "Тоғызқұмалақ қайраткері" атағы беріліп, төсбелгі табысталды.

Ақтөбе облысында Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының филиалы ашылатын болды. Тиісті шешім чемпионат күндері өткізілген Дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі кеңесте қабылданды.

«Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында облысымызда бұқаралық спортты, олимпиадалық және олимпиадалық емес спорт түрлерін дамыту бойынша бірқатар іс-шаралар қолға алынууда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев алдымызға ұлттық спорт түрлерін дөріптеу міндетін қойып отыр. Қазақтың ұлылығы мен даналығын бүкіл әлемге паш ететін мәдениеті мен салт-дәстүрі болса, соның ең бастысы ұлттық спорт ойындары екені даусыз.

Ақтөбеде алғаш рет Тоғызқұмалақтан VI әлем чемпионаты додасында 20-дан астам елден келген спортшылар бақ сынасты. Бұл кейбір спорт түрлерінің елімізден тыс жерлерге танылып жатқанын көрсетеді. Біз Ұлы дала дәстүрлерін насихаттау, дамыту, имиджін арттыру және олардың халықаралық спорттық деңгейге шығуы үшін барлық жағдай жасауға дайынбыз», — деп атап өтті облыс әкімі.

Чемпионат мәресі

КЛАССИКА/ЕРЛЕР

- I орын — Ғалымжан Темірбаев (Қазақстан)
- II орын — Бексұлтан Бостандықов (Қазақстан)
- III орын — Анарбек Джамекеев (Қырғызстан)
- III орын — Фаджардо Чико Оскар Альваро (Колумбия)

КЛАССИКА/ӘЙЕЛДЕР

- I орын — Әсел Далиева (Қазақстан)
- II орын — Айтұрған Мақсатбекқызы (Қырғызстан)
- III орын — Адина Асеева (Қырғызстан)
- III орын — Аңсаған Қожанәсіп (Қазақстан)

БЛИЦ/ЕРЛЕР:

- I орын — Әсет Қайыржанов (Қазақстан)
- II орын — Анарбек Джамекеев (Қырғызстан)
- III орын — Медет Құсайынов (Қазақстан)
- III орын — Марлис Дулатбеков (Қырғызстан)

БЛИЦ/ӘЙЕЛДЕР:

- I орын — Гүлжанат Алдабергенова (Қазақстан)
- II орын — Айзада Бақытбекова (Қырғызстан)
- III орын — Мөлдір Серікқызы (Қазақстан)
- III орын — Алтынай Шамбетова (Қырғызстан)

РАПИД/ЕРЛЕР:

- I орын — Әсет Қайыржанов (Қазақстан)
- II орын — Асылхан Қожанәсіп (Қазақстан)
- III орын — Нұрбек Қабиев (Қазақстан)
- III орын — Ермуханбет Алайдар (Қазақстан)

РАПИД/ӘЙЕЛДЕР:

- I орын — Жамила Баилдышева (Қазақстан)
- II орын — Әсел Далиева (Қазақстан)
- III орын — Гүлнара Базаралиева (Қазақстан)
- III орын — Салтанат Сапарбекова (Қазақстан)

Дайындаған Г.Қараша.



✓ Kazakhstan-China: 30 years of friendship

Қытай басшысы Си Цзиньпин үстіміздегі жылдың қыркүйек айында Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Бұл оның Covid19 індетіне байланысты пандемиядан соң шетелдік алғашқы ресми сапары. Қазақстан басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл сапардың тарихи маңыздылығына назар аударды. Екі тараптың кездесуі барысында Қ.Тоқаев Си Цзиньпинді «Алтын қыран» орденімен марапаттады. «Осы сапар барысында Президент Тоқаев екеуіміз Қытай мен Қазақстан қарым-қатынасының мәртебесін көтеруге келістік. Болашаққа көз жүгірте отырып, біз мәңгілік достыққа, өзара тиімділікке және өркендеуге бағытталған байланыстарымыздың жарқын болашағына сеніммен қараймыз. Мен халықтарымыздың достығын танытатын бұл орденді өте жоғары бағалаймын. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықтың нығайып, елдеріміз бен халықтарымыздың игілігі үшін қыран құстай алысқа самғайтынына сенімдімін!», — деп ризашылығын білдірді Си Цзиньпин сөйлеген сөзінде.

Екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастарға 30 жыл толды.

Ал қарым-қатынастың сыйлы дамуында тіл білімінің маңызы үлкен. Соңғы жылдары жалпы әлемде қытай тілін меңгерушілердің саны артуда. 2007 жылы ЕО қытай тілін аса маңызды тілдердің қатарына қосты. Әлемнің түрлі елдерінде, әсіресе Еуропа мемлекеттерінде қытайтану институттары көптеп ашыла бастады. Қазіргі кезде әлемде Конфуцийдің аты берілген 550 институт, 1172 Конфуций класы бар екен. Олар 162 мемлекетте орналасқан. Қазақстанда 5 Конфуций институты өз жұмысын жалғастырып келеді.

Бірі — Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университеті жанында жұмыс істейді. Конфуций институтының Қазақстан тарапынан директоры, Халықаралық қытай тілі бойынша магистр Даулет Қантөреұлына білім беру мекемесінің кешесі мен бүгініне орай сұрақтарымызды қойған едік.

Өңіміні жүргізуші Гүлнора Дауылбайқызы.



Zhubanov University Конфуций ин



— Ақтөбеде Конфуций институтының ашылғанына 10 жылдан асты. Ресми ашылуының салтанаты күні кешегідей есімізде. Өңірде өткен ең ірі мәдени шараның бірі болған еді. Қатысқан ба едіңіз?

— Zhubanov University Конфуций институты — Қазақстанның батыс өңіріндегі қытай тілін оқыту және қытай мәдениеті орталығы. 2010 жылдың қазанында Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институт пен Қытайдағы Конфуций институттарының Бас Басқармасы Ханбань тарапымен бірлесе оқу орнында Конфуций институтын құру туралы келісімге қол қойылды.

2011 жылдың 24 маусымында, 2 курсымды аяқтағалы тұрған тұста, Конфуций институтының салтанатты

ашылу рәсімінің куәсі болдым, шетелден жоғары мәртебелі қонақтар келіп, Конфуций институтының алғашқы студенті ретінде шараның өткізілуіне өз үлесімді қостым. Сол кезде қытай тілін бірінші рет жанды дауыста естіп, үйренуге қызығушылығым артқан еді. Конфуций институтының ашылуы менің өмірімдегі жаңа өзгерістердің болуына зор әсер етті.

— Конфуций институтының рәсімдік белгісін тапсыру сәті де керемет әсер қалдырып еді. Шарада бұл ұйым екі ел арасындағы достық, серіктестік қарым-қатынасты нығайтуға қомақты үлес қосады деген сөздер айтылды. Шынымен де солай болып келеді. Ойымды өзіңіз жалғастырсаңыз.

— Конфуций институтының мақсаты — Қазақстан мен Қытай арасындағы білім-ғылым бағытындағы ынтымақтастықты дамыту, қытай тілін оқыту және екі елдің достық қарым-қатынастарын нығайту.

Конфуций институты екі елдің білім берусаласында айтарлықтай үлес қосып отыр. Институт қабырғасында университеттің студенттері мен қала тұрғындарына қытай тілі курстарын ұйымдастырып, халықаралық қытай тілі деңгейін анықтайтын HSK емтиханы өткізіліп келеді. Әр оқу жылында ҚХР Пекин қаласы Халықаралық тестілеу орталығының ұйымдастыруымен HSK, HSKK халықаралық стандартталған емтихан түрлерін ұйымдастырамыз. 2021-2022 оқу жылында Дүниежүзілік тестілеу орталықтары арасында Zhubanov University 12 мәрте online форматта өткізіп, Қазақстан бойынша 2000 жуық білім алушыны тіркеді. Біздің Конфуций Институты барлық қатысушыларға HSK сертификаттарына қол жеткізуге қолдау көрсетіп, қытайдың білім гранттары мен диплом алу мүмкіндіктеріне жол ашты. Пекин қаласы Халықаралық тестілеу орталығының шешімімен осы көрсеткіштерді негізге ала отырып, университетімізді ең үздік тестілеу орталығы деп танып, арнайы сертификат табыстады.

Жыл сайын Конфуций институты жергілікті білім алушыларға грант негізінде Қытай университеттерінде «Халықаралық қытай тілі» мамандығы бойынша бакалавриат, магистратура, Ph.D. докторантура, бір семестрлік және бір жылдық тілдік курстарда оқуға және ҚХР ЖОО өзара студент алмасу мен қос диплом білім беру бағдарламасы бойынша білім алуына мүмкіндік жасайды. Үздік

білім алушылар іріктелініп, олар үшін қысқы және жазғы тілдік лагерь бағдарламалары ұйымдастырылады.

— Конфуций институты ашылғаннан бері жүзеге асқан негізгі іс-шараларды атап кетсеңіз.

— Конфуций институты ашылғаннан бері білім, мәдениет тіпті спорт саласында көптеген шараларды тұрақты өткізіп келеді. Конфуций институтының атқарған қызметінің көрінісі ретінде қол жеткізген үлкен жетістіктерін айтуға болады. Конфуций институты 2017 жылдың қорытындысы бойынша Конфуций институттары арасынан ең үздік болып танылған 30 Конфуций институты қатарына енді. 2022 жылы институтымыздың оқытушысы Алитурлиев Әлібек әлемдегі Конфуций институттарының үздік жергілікті қытай тілі оқытушыларының бірі ретінде танылды. Zhubanov University ең үздік HSK, HSKK тестілеу орталығы деп аталғанын айттым. Бұл жетістіктер институт ұжымының жоғары кәсібилігін көрсетеді.

— Өзіңіз осы ұйымнан қытай тілін меңгеріп, білім алдыңыз. Біліміңізді әрі қарай әлемдегі алып ел саналатын Қытайда жалғастырдыңыз. Енді міне беделді білім ордасының Қазақстан тарапынан директорысыз. Өмірдегі қол жеткен, қол жеткізіп жатқан жетістігіңіз қытай тілін меңгергеніңізден бастау алғанын сырттай білеміз. Толықтырсаңыз.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қытай тілін жетік меңгерген. Диплом қорғау диссертациялық жұмысының тағылымдамасын ҚХР-мен байланыстырып, Пекин лингвистика институтында тәжірибеден өткен. Өзіңді дипломатия-



Институты 30 үздік ішінде



лық қызметін Пекин қаласының бастаған. Бүгінгі күні алған білімі мен жұмыс тәжірибесінің таза көрінісі ретінде ел президенті. Қасым-Жомарт Кемелұлы жастарға қытай тілін меңгеруге кеңес беріп отыр, өйткені біздің экономикамызға ең оң әсер беретін мемлекет ол — Қытай елі.

Сауда, көлік, тіпті туризм саласы болсын ең құнды байланыс құралы — тіл.

Өзімнің қытай тілін меңгеру жолдарын атап айтатын болсам, 2010 жылы студенттік алмасу бағдарламасы бойынша ҚХР-да бір жылдық тілдік курстан өттім. 2013-2015 жылдары Синьцзян қаржы-экономикалық университетінде «Халықаралық қытай тілі оқытушысы» мамандығы бойынша магистратурада оқыдым. 2016 жылдан бастап Конфуций институтында қызмет жасадым. Еңбек жолымда алған білімім мен тәжірибемді ұштастыра отырып, қоғамға пайдмды тигізуді мақсат еттім. Студенттерге қытай тілін үйретумен қатар, бірқатар халықаралық деңгейде ұйымдастырылған шараларға атсалыстым, соның ішінде 2019 жылы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы достық және ынтымақтастық жөніндегі комитеттің ұйымдастыруымен Қытай Халық Республикасының Кунмин және Пекин қалаларында Еуразия мемлекеттерінің ең үздік жас мамандарынан құралған Жастар форумына қатыстым. Бұл форум менің тұлға болып қалыптасуыма жігер беріп, жаңа бастауларыма себеп болды. Қызмет жасаған 6 жылғы еңбек нәтижесінде Конфуций институтының Қазақстан тарапынан директоры қызметіне тағайындалдым. Алдағы уақытта еліміздің білім беру саласына үлесімді қосып, әріптестерімізбен бір-

ге институттың жаңа бағытта дамуына қызмет жасайтын боламыз.

— Он жыл ішінде Конфуций институтын қанша адам бітіріп шықты? Олардың ішінде үлкен белесті бағындырғандары бар ма? Түлектермен байланыс қандай?

— Қытай шекара жағынан бізге ең жақын, әрі Қазақстанның тәуелсіздігі мен аумақ тұтастығын алғашқылардың бірі болып мойындаған мемлекет. Бүгінгі күні қазақ-қытай қатынастарының қалыптасу тарихына ержей-тегжейлі тоқталып, сауда-экономикалық, көлік-логистикалық іс-қимылдар мен инвестициялық ынтымақтастықтың басым бағыттары белгіленіп, мәдени-гуманитарлық ықпалдастықты дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Ал мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық байланыста Конфуций институты тікелей ықпалдастық бола алады. Бүгінгі күнге дейін, жалпы 2011-2022 жылдар аралығында Конфуций институтында, филиалдарды қоса алғанда 15 мыңға жуық білім алушы қытай тілін меңгерді. Жүздеген білім алушыларымыз, бакалавр, магистратура, тілдік тағылымдама секілді Конфуций институтының білім гранттарына қол жеткізді.

Әлемді шарлаған коронавирус індеті кезінде де оқу процесін тоқтатпауға тырыстық, online форматқа көшіп, сапалы тіл үйрету методикасын ойластырдық. Қазір жағдай тұрақталғаннан кейін қытай тілін үйренуге сұраныс қайта артып келеді. Бүгінгі таңда қытайлық әріптестеріміз online форматта, жергілікті оқытушыларымыз offline форматта 20-дан астам топтарға сабақ жүргізуде.

Конфуций институтының үздік түлектерімен тығыз байланыста, өндірістік тәжірибеден өтуге, жұмысқа орналасуға көмектесеміз, өз кезегінде түлектер институт шараларын белсенді өткізуге атсалысады. Алдағы уақытта Конфуций институты түлектері қауымдастығын құруды жоспарлап отырмыз.

Region

Арнайы беттер
Мәртөк ауданы

УНИВЕРСИТЕТ ПЕН АУДАН

Мәртөк ауданы — Ақтөбе облысының солтүстігіндегі әкімшілік-аумақтық бөлік. Орталығы — Мәртөк ауылы.

Ауылдық округтер саны — 13

Ауыл саны — 32

Құрылған уақыты — 1935

Жер аумағы — 6,6 мың км²

Тұрғындары — 29980 адам (2019)

Ұлттық құрамы — қазақтар (62,72%),
орыстар (17,67%), украиндар (12,15%),
немістер (2,78%), беларустар (0,37%),
татарлар (1,76%), басқалары (2,55%)



Алмас Салықбаев
Ақтөбе облысы
Мәртөк ауданының әкімі

Алмас Салықбаев Мәртөк ауданының әкімі болып 2021 жылғы 2 наурызда тағайындалды.

Ол Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті мен Қазақ-орыс халықаралық университетінің түлегі.

Еңбек жолын 2007 жылы «БанкЦентрКредит» АҚ Алматы қалалық филиалының несиесі офицері болып бастаған.

Кейін «Қазақстан халық банкі» АҚ-ның Мұғалжар аудандық бөлімшесінде менеджер, Мұғалжар аудандық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің бас маманы және сектор меңгерушісі, Мұғалжар аудандық статистика басқармасының жетекші маманы, Мұғалжар аудандық экономика және бюджетті жоспарлау, кәсіпкерлік бөлімі басшысының орынбасары, аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы болды.

Сонымен қатар Ақтөбе облысы әкімі аппаратында ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас инспекторы, Ақтөбе облысының сыртқы байланыстар және туризм басқармасы басшысының орынбасары лауазымдарын атқарды.

Жаңа қызметке тағайындалғанға дейін Мәртөк ауданы әкімінің орынбасары болды.



Ауданда астық өндіру, сүтті-етті мал, көкөніс, картоп өсіруге маманданған АҚ-дар, ӨК және шаруа қожалықтары нәтижелі жұмыс істеп жатыр. Мұнда жалпы білім беретін 31 орта мектеп, 1 кәсіптік-техникалық мектеп, Мәдениет үйі, 16 клуб бар. Денсаулық сақтау саласында аурухана мен емхана, 12 фельдшерлік-акушерлік пункт, 4 отбасылық-дәрігерлік амбулатория жұмыс істейді. Аудан жерімен Орынбор — Ташкент темір жолы, Ақтөбе — Мәртөк, Ойыл — Мәртөк автомобиль жолдары өтеді.

Ауданның оңтүстік-батысында Елек өзені және оның салалары Ақсу, Жамансу, Төңірберген (Танаберген) ағып өтеді. Шығысын бойлай Жайық өзенінің саласы Қиялы Бөрте өзені ағады.

Бірнеше ұсақ көлдер бар.

Аудан аумағында өсімдіктің 300-ден аса түрі өседі,

оның ішінде боз, бетеге, қара жусан, ши, қамыс, құрақ, бұталы өсімдіктер. Жануарлардан қасқыр, түлкі, қарсақ, суыр, борсық, сарышұнақ, аламан тышқаны және бауырымен жорғалаушылар, т.б. мекендейді. 160-қа жуық құс түрі ұялап, 27-ісі жыл бойы қалады.

Ауданның іргесі Ташкент-Орынбор темір жолының салынуына байланысты қаланған.

«Мәртөк» елді мекенінің атауына қатысты пікірлер осы уақытқа дейін әртүрлі. Олардың барлығы да назарға алуға тұрарлық, бірақ мұрағаттық дәлелдер жоқ. Газеттердегі жарияланымдардың біреуі ауданның атауы «мортық» шөбінен шыққан десе, басқалары ми батпаққа батып кеткен ақмаңдай жалғыз мүйізді бұқа туралы аңыздан қалды дейді.

Уикипедия мәліметі бойынша.



БАЙЛАНЫСЫ: ОРТАҚ МАҚСАТ



МӘРТӨКТІҢ МАРАЛЫ

Ақтөбе облысында марал өсіруді бірінші болып қолға алған Мәртөк ауданы. Мәртөкте марал өсіру кәсібі 2017 жылы басталды. Маралдың еліміздің аумағында, тек Шығыс Қазақстанда өсірілетіні белгілі. Бұл аймақта марал өсіру, шаруашылығын дамытуға 700 гектар жер бөлінген. Бұл жалпы ұзындығы 15 шақырым аумақ. Шаруашылыққа жақын маңнан ашылған мүйізбен емдеу "Зәру" шипажайы 50 адамға арналған екі қабатты ғимараттан тұрады. Онда емделушілерге барлық жағдай бар. Өңір үшін таңсық жобаны қаймықпай қолға алған жеке қожалық иесі Ертарғын Тілегенов. Марал өсіру шаруашылығына ол «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 150 миллион теңге несие алған екен.

Маралдардың жайылым аймағы түгел қоршалған. Қоршаудың биіктігі үш метр. Бұған қоса қоралар, маман-жұмысшыларға арналған үй тұрғызылған.

Ертарғын Тілегеновтің марал өсіру ісіне қызыққандағы мақсаты пантамен емдеу орталығын құру болатын. Кәсіпкер бүгінде мақсатына жетіп, пантоемдеу шипажайында бизнесін дөңгелетіп отыр.

Бұғы мүйізінен емдік дәрі-дәрмек жасау б.з.д. 168 жылы Қытайда пайда болған. Негізгі пантоемдеу үшін марал өсіру көбіне Қытайда, Жаңа Зеландияда және біздің елімізде қолданылады. Қазақстанда, әрине, Шығыс Қазақстанның Қатонқарағай ауданында кең тараған, мұнда бірнеше марал шаруашылығы орналасқан.

Мәртөктің 250 бас маралы да Шығыс Қазақстаннан әкелінген. Бір қуанарлығы маралдар Ақтөбе аймағына бірден жерсініп кеткен.

Болашақта мүйіз өңдейтін цех пен туристік база салу жоспарда.



Region

Арнайы беттер
Мәртөк ауданы

УНИВЕРСИТЕТ ПЕН АУДАН

АЛЕКСАНДР АҚЫН

Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінде Мәртөк ауданынан 312 жас білім алуда. Оның 306-сы бакалавриатта, 6-ы магистратурада оқиды.

Солардың бірі, жас ақын Александр Маруаұлы — филология факультеті, “Қазақ тілі мен әдебиеті” ББ, 1-курс студенті.

Александр 2004 жылы дүниеге келген. Өлеңдері «Адырна» республикалық әдеби-көпшілік журналында (2020), «Жас Алаш» (2021) газетінде, malim.kz сайтында жарияланған. «Ақберен» VIII республикалық өнер байқауының республикалық кезеңінде «Ақындар мүшәйрасы» номинациясы бойынша I дәрежелі дипломмен, республикалық М.Мақатаев оқуының «Көкірегімде жыр сәулесі маздайды...» номинациясы бойынша бас жүлдемен, «Абай әлемі» II республикалық шығармашылық байқауында I дәрежелі дипломмен марапатталған.

Жас ақынмен жақын танысқан
Гүлнара Қараша.

— Александр, таңданыс тудырған сұрағымды алдымен қояйын. Есіміңіз неге славянша?

— Қазақ салт-дәстүрге берік халық. Қандай жағдай да болмасын әдет-ғұрпынан жаңылмай, сақтап келеді. Есімімнің славянша болуы да тегін емес. Себебі маған дейін үйде бала тұрмаған. Құдай тіл-көзден сақтасын деген ниетпен қойғаны деп білемін.

— Белгілі қазақ жазушысы Сәбит Досанов атаңыз ақындық талантыңызға тәнті болып, “Қазақ жырының көгіндегі жаңа жұлдыз” деп бағалап, қуаныпты. Проза алыбымен қандай жағдайда таныстыңыз?

— 2021 жылдың маусым айында ауданымызға жазушы, Мемлекеттік сыйлық иегері Сәбит Досанов сапарлап келді. Кітапханада бас қосып, сүбелі сұхбат құрдық. Сол кеште оқыған «Жер-ана» деген өлеңімді ұнатып, оң бағасын берген. Қыркүйек айының бас кезінде республикалық «Жас Алаш» газетіне мен жайлы жылы лебізін білдіріп, жыр жолыма ақ батасын бергені бар. Мүйізі қарағайдай ағалардың періште пейілдері шын қуантып, бойыма қанат бітіреді.

— Өмірдің шат дәуірі студенттік кез қалай өтіп жатыр? Жаңа жырлар туды ма?

— Мектеп бітіруші түлектердің, әсіресе, шығармашылықты жанына серік еткен бозбала, бойжеткендердің алдымен аңсары ауатын қаласы Алматы екені анық. Бірақ маған бұйырмады. Оған аса қатты құлазыған көңіл де болмады. Студенттік өмірімді Құдайберген Жұбанов атындағы киелі білім ордасының табалдырығынан бастадым. Өзірге бәрі ойдағыдай. Жарқын сәттерімнің куәсіндей жұл-жұмыр өлеңдер алдағы уақытта туады деп сенемін.

— Болашақ мамандықты игеру үшін таңдау нәліктен Zhubanov University жоғары оқу орнына түсті екен. Бұл да қызық.

— Жұбанов университеті беделі биік, сапалы білім беруге баса назар аударған жоғары оқу орындарының бірі. Талай тұлғалардың осында оқып, түлеп ұшқаны белгілі. Менің де бұл жер-



Ақтөбе сапары сәтті болды, Мәртөк ауданынан олжалы оралдым. Ол олжам халықпен кездесуде тапқан талант — Александр Маруаұлы. Небәрі 17 жастағы 10 сынып оқушысының «Жер-ана» атты жақұт жыры қорғасын құйылып, алшы түсер сақадай көкейге қона кетті. Бар болғаны бес шумақ өлеңдегі ой мен образ өзгелерге ұқсамайтын өзгеше талантты айнадағыдай айқын көрсетіп тұр.

Мына күйбең тіршіліктен шаршаған,
Қойнауыңда жатыр екен қанша адам?
Орындалмай кетті ме екен олардың,
Аптаудай армандары аңсаған, — деген салиқалы, салмақты сауалмен басталған құлагер жыр:

Айға жетіп тұрсадағы атағы,
Жусаныңнан биік емес ешкім де, — деп Жер-ананы асқақтата әспеттеген ақын:
Қадіріңе жетпей тұрып Жер-ана,
Қабіріңе кіруге де ұялам, — деп түйеді он алты өрім қамшыдай шебер өрілген жауһар жырды.

Құдіретті қаламнан туған өлең,
Шырайын келтіре ме дүниенің? — дейді «жыр-жүрегі шерге толып тұрған», «жан жарасына жалғыз ғана жусаны ем болатын», сынық айдың сәулесін шырақ қылып, қоя түнде жалғыз өзі келетін «ақын сүйгеніне» «ажалдай айтпай келші аппақ айым» деп, «соқыр көзден таматын тамшылардың алып-алып таулардан салмағы ауыр» екенін бір адамдай білетін ақын «жүрек көзін кім бар оның көретін» деп күрсінеді.

«Өнер-өлім, жұмақ-тозақ, құдайлар, он алтысында ойына ойран салған» ақынды жасына қарап жас деуге бола ма?!

Иә, ол бар болғаны 17 жаста, ал ойы алпыстағы абыздай!

Сәт сапар, қазақ жырының көгіндегі жаңа жұлдыз — жарық жұлдыз болуыңа тілекші атаң — Сәбит ДОСАНОВ, Алматы қаласы. 2021 жыл.

ге оқуға түскеніме ешқандай өкінішім жоқ. Өрі жақындарымнан жырақтамай жүруді қаладым.

— Алғашқы сессия сынағы да жақындады. Толқу бар ма?

— Толқу болады. Бірақ дайындық болса, еңсеріп шығатынымыз анық. Барлық студент-

тердің осы сынақтан сүрінбей өтуіне тілектеспін.

— Жыр-жүрегім толып тұр бүгін шерге, Қасиетіңе киелі жүгінсем бе? Тұрғызбасын, ешбіреу тауың түгіл, Жалғыз түйір тасыңа сүрінсем де. Бұлағыңа мөп-мөлдір сырым қанған,

БАЙЛАНЫСЫ: ОРТАҚ МАҚСАТ

Жоталарға жұп-жұмыр жырым қонған.
Табаныма тас батып, шөңге кірсе,
Өтінемін, оны да суырмандар!
Дархан дала дертіме азық болып,
Ақ қағазға қайғымды жазып беріп,
Майда, жұмсақ құмыңа құласам ғой,
Құлазыған сәттерден қажып келіп.
Келгендей-ақ көсілер кез ыңғайлы,
Бой түзелді, өзінде сөз ұлғайды.
Құдіреті тілімнің жетер ме екен,
Қалам алып толғауға өзің жайлы.
Естеліктер сенде өткен есімдегі,
Махаббатты маздаған өшірмеді.
Алаңдаймын, дем жетпей қала ма деп,
Алып таулар қозғалса төсіндегі.
Талай адам жаныңды табалады,
Қадіріңді ұқпай жүр, неге бәрі?
Тазалықты сендегі сезу үшін,
Көңілімді кірлетпей келем әлі.
Абырой ғой тасыңды арқаласақ,
Аялдай тұр, аялда, тарқама сәт.
Қиыр кезіп кетемін содан көйін,
Бір уыс топырағыңды қалтама сап.
Аспаныңдай сол кезде өр боламын,
Күннің өзі береді жанға жалын.
Білемісің, туған жер, жан-жарама
Жалғыз ғана жусаның ем боларын?!
Толқындары теңіздің қуатты екен
Өмірімді өзің ғой шуақты еткен.
Соңғы демім қалғанша сүйіп өтем,
Жүрегіме орнаған жұмақ мекен.
Дауа таппай тірліктен сабылысқан,
Асау сезім өзіне алып ұшқан.
Ең ұлы өлеңдерді тудырады,
Ең ұлы саған деген сағыныштар.

Туған жерге деген ыстық сезімге тұнған
жыр. Сағынып жүрсіз бе? Мәртөктің қай жері?

— Өр ақынның қаламынан туатын алғашқы
мөлдір жыры туған жеріне арналады деп
білемін. Алыстап кеткен күндерде кеудемдегі
алапат сағыныштың аласұратыны рас. Оны тек
өлеңмен ғана тарката аласың. Ақтөбеден 70
шақырым жердегі Мәртөк ауданында дүниеге
келдім. Негізгі атауы «Мортық». Басқа ұлт өкіл-
дерінің көп болғандығынан «Мәртөк» деп ата-
лып кетті. Бұл өлке даңқты жазушы Ө. Нұршай-
ықовтың «Қан мен тер» романында «Мортық
станциясы» деп кездеседі. Қай қиырда жүрсем
де Мәртөгімді сағынатыным анық. Балалығым-
ның бал дәурені өткен туған жерім мәңгі жүре-
гімде.

— Жыр оқитын жастар аз. Әлде қате пікір
ме?.. Ал жас ақынға замандастарының қол-
дауы маңызды шығар..

— Көп оқырманнан осындай пікірді естіп жа-
тамын. Менің ойымша қазіргі жастардың өлең-
ге деген көзқарасы өзгерген. Олардың басқа
сарында қабылдайтыны қуантады. Заманға
ілесіп өмір сүруіміз қажет. Сол себепті өлеңді
оқитын, өлеңді басқа деңгейге көтеретін жастар
бой көрсетіп келе жатыр. Тек қолдау керек. Жас
ақынға әділ бағаны замандасы береді дейді.
Жөн сөз. Бір уақытта өмір сүріп, бір заманда
дамып жатқан жастар бір-бірінің кемшілігін, ар-
тықшылығын көреді. Сол айтылған сын-пікір-
лерді ескерсек, келешекте парасатты тұлғаға
айналамыз деп сенемін.

— Ақындық талант — тағдыр сыйы. Өр-
кімде жоқ осы сыйға лайықты болу ақынға
сын. Жарқын болашақ тілеймін, Александр
ақын! Мамандығыңызды жақсы игеріңіз! Үл-
кен әдеби ортаның көркемі болыңыз!



КӨРІКТІ ӨЛКЕ

Мәртөк өңірінің табиғаты шынымен де тамаша. Жаздың аптап ыстығында көптеген су қойма-
лары демалушылар үшін нағыз жұмақ. Қазан көлі облыс орталығынан 5 шақырым жерде орна-
ласқан, ұзындығы 1 шақырым, ені 200 метрдей су айдыны. Мұнда адамдар отбасымен табиғат
аясында демалуға, балық аулауға, суға түсуге, қайықтар мен катамарандарда жүзуге келеді. Рас,
мұнда балық түрлерінің ерекше түрі жоқ, негізінен тұқы балығы кездеседі.

Жуса су қоймасы да осылай көз тартады. Мұнда жаздың аптап ыстығында суға сүңгіп, балық
аулауға болатын кең көл орналасқан. Жақын жерде тұзды бұлақ та бар.

Өткен ғасырдың басында бұл жерде мұнай ұңғымасы жұмыс істеген.

Аққайың (Коминтерн) ауылынан алыс емес жерде Beeline орман шаруашылығында қайың,
көктерек, қарағай, терек, алма ағаштары өседі. Ал дәрілік өсімдіктерден — таңқурай, жолжелкен,
беде, жабайы раушан және басқа да көптеген өсімдік түрлері бар. Саңырауқұлақ теруге тұрғын-
дар тіпті облыс орталығынан да келеді. Сондай-ақ Аққайың ауылының маңында үш үлкен бұлақ
бар, ондағы су минералдарға, темір оксидтеріне, тіпті С дәруменіне де бай.

Шевченко ауылының іргесіндегі көктерек пен қайың ормандары ауданның ерекше көркі және
мақтанышы. Өйткені соңғы жылдары мұнда туристік мақсатпен келушілер көбейді.

Орманның жалпы ұзындығы 50 шақырымдай, Родниковкадан Полтавкаға дейінгі жерді алып
жатыр. Кейбір қарағайлар мен қайыңдардың жасы 60 жылға таяп қалған. Орманда дәрілік өсімдік-
тер мен шөптерді табуға болады. Бұл аймақтағы реликті папоротниктер өсетін жалғыз жер. Ал
ондағы құмырсқа ұялары тіпті таңқалдырады. Олардың ұзындығы бір метр және биіктігі жарты
метрге дейін!

Жергілікті су қоймаларында құстардың 200 түрі кездеседі. Маусымдық көші-қон кезінде қызыл-
бас қаз, кішкентай аққу, жылан жегіш, қысқа саусақты қыран, бүркіт, т.б. кездеседі.

Арнайы беттерді дайындаған
Гүлнара Қараша

✓ Басты жаңалықтар

✓ Главные новости

✓ Main news

АРАЛ-КАСПИЙ ӨҢІРІНІҢ АУМАҒЫН
ЖАН-ЖАҚТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЫҢ МІНДЕТІ

Ақтөбеде «Еуразия тарихы мен мәдениеті аясындағы Арал-Каспий аймағы» III Халықаралық ғылыми конференциясы өтті. Конференцияда оған қатысқан 10 елдің: Қазақстан, Әзірбайжан, Түркия, Франция, АҚШ, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай, Моңғолиядан жетекші тарихшылары, археологтары, этнологтары, өнертанушылары, мәдениеттанушылары және сарапшылары алдына Арал-Каспий өңірінің аумағын жан-жақты зерттеудің тың міндеті қойылды.



Конференцияда сөйлеген Ақтөбе облысының әкімі Ералы Тоғжанов: «Ақтөбе өлкесінің аумағында мемлекет үшін баға жетпес қазына саналатын 1000-нан астам тарихи-мәдени мұра нысандары бар екенін археологиялық және этнографиялық зерттеулер көрсетіп отыр. Бұл жерде палеометалл дәуірінде ежелгі металлургия белсенді дамыған. Қола дәуіріндегі металлургиялық қоныстарын тауып, жан-жақты зерттелуі — ерекше жетістік. Жалпы, соңғы жылдардағы археологиялық жаңалықтар Батыс Қазақстан халқының қола дәуірінде мал шаруашылығымен ғана емес, металлургияда да өндірістің күрделі және озық технологияларын игергенін дәлелдейді. Сонымен қатар, ғалымдардың соңғы археологиялық зерттеулеріне сүйенсек, Ақтөбе өлкесінде Ғұн дәуіріне тиесілі археологиялық орындар табылған. Ол кезеңнен де ғалымдардың нәтижелі еңбектерінің арқасында көптеген археологиялық ескерткіштер табылды. Айта кету керек, бұл жұмыстар өңір аумағында бұрын болған күрделі тарихи процестерді айшықтаудың бастамасы ғана. Тарихын білмеген елдің болашағы да бұлыңғыр. Археологиялық зерттеулерді одан әрі нығайту және тереңдету қажет деп санаймын. Жаһандану заманында ұлттық кодымызды сақтау, төл тарихымызды зерделеу, сабақ алу, шынайы болмысты танып, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтау — басты міндет болса керек», — деп, өз тарапынан, жергілікті атқарушы органдар тарапынан конференцияда көтерілген мәселе шешіміне жан-жақты қолдау көрсетілетінін айтты.

Конференцияға қатысушылар Арал-Каспий аймағының жалпы тарихи-мәдени маңызы, этномәдени және полигенез мәселелері, аймақтың жылжымайтын ескерткіштерін зерделеу тақырыптарында баяндамалар жасады.

Конференция барысында «Үлкен Доңызтау — бірегей тарихи-мәдени аумақ және табиғи ареал» симпозиумы аясында Доңызтаудың тарихи-мәдени және әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы, Ұлттық парк құру туралы ұсыныстар айтылды.

Конференцияда қазақтың танымал этнограф маманы, профессор Серік Әжіғалидің мерейлі 70 жасқа толуына орай ғалымның еліміздің тарих және мәдени, далалық Еуразия ескерткіштері, қазақтардың халықтық саулетшілік пен этнографиясы саласындағы еңбектері аталып, құттықтау хаттар мен сыйлықтар табыс етілді.

НОВАЯ ЗАДАЧА — КОМПЛЕКСНОЕ
ИЗУЧЕНИЕ ТЕРРИТОРИИ
АРАЛО-КАСПИЙСКОГО РЕГИОНА

В Актобе состоялась III Международная научная конференция «Арал-Каспийский регион в истории и культуре Евразии». Перед ведущими историками, археологами, этнологами, искусствоведами, культурологами и экспертами из 10 стран-участниц конференции: Казахстана, Азербайджана, Турции, Франции, США, России, Узбекистана, Кыргызстана, Китая,

Монголии поставлена новая задача комплексного изучения территории Арало-Каспийского региона.

Выступивший на конференции аким Актобинской области Ералы Тоғжанов подчеркнул: «Археологические и этнографические исследования показывают, что на территории актобинского края находятся более тысячи объектов историко-культурного наследия, представляющих собой бесценную сокровищницу нашего государства. В эпоху палеометалла здесь активно развивалась древняя металлургия. Особым достижением можно назвать обнаружение и комплексное исследование поселений металлургов бронзового века. В целом, археологические открытия последних лет уверенно доказывают, что население Западного Казахстана уже в эпоху бронзы занималось не только скотоводством, но и осваивало сложные и передовые технологии производства в металлургии. Кроме того, последние археологические исследования свидетельствуют, что степи актобинского края были населены и в гуннскую эпоху. В результате усилий ученых найдено большое количество археологических памятников. Нужно отметить, что эти работы являются только началом в познании тех сложных исторических процессов, которые происходили на территории нашего региона. Народ, не знающий своего прошлого, не имеет будущего. Считаю необходимым дальнейшее усиление и углубление археологических исследований».

Участники конференции выступили с докладами об общем историко-культурном значении Арало-Каспийского региона, анализе проблемных вопросов изучения этнокультуры, полигенеза и недвижимых памятников региона.

Во время конференции в рамках симпозиума «Үлкен Доңызтау — уникальная историко-культурная территория и природная зона» была представлена историческая, культурная и социально-экономическая значимость Доңызтау, а также рекомендации по созданию национального парка.

На конференции, были упомянуты большие труды, посвященные истории и культуре страны, памятникам евразийского региона, труды в области народного зодчества и этнографии известного казахского этнографа, профессора и ученого Серика Ажигали, отметившего 70-летие, были вручены поздравительные грамоты и подарки.

A NEW TASK IS A COMPREHENSIVE
STUDY OF THE TERRITORY OF
THE ARAL-CASPIAN REGION

The III International Scientific Conference "Aral-Caspian region in the history and culture of Eurasia" was held in Aktobe. Leading historians, archaeologists, ethnologists, art historians, culturologists and experts from 10 participating countries of the conference: Kazakhstan, Azerbaijan, Turkey, France, USA, Russia, Uzbekistan, Kyrgyzstan, China, Mongolia were given a new task of comprehensive study of the territory of the Aral-Caspian region.

Akim of Aktobe region Yeraly Togzhanov speaking at the conference emphasized: "Archaeological and ethnographic studies show that on the territory of the Aktobe region there are more than a thousand objects of historical and cultural heritage, which are an invaluable treasury of our state. In the Paleometal era, ancient metallurgy was actively developing here. A special achievement can be called the discovery and comprehensive study of the settlements of metallurgists of the Bronze Age. In general, archaeological discoveries of recent years confidently prove that the population of Western Kazakhstan already in the Bronze Age was engaged not only in cattle breeding, but also mastered complex and advanced production technologies in metallurgy. In addition, recent archaeological research indicates that the steppes of the Aktobe region were inhabited in the Hun era. As a result of the efforts of scientists, a large number of archaeological sites have been found. It should be noted that these works are only the beginning in the knowledge of those complex historical processes that took place on the territory of our region. A nation that does not know its past has no future. I consider it necessary to further strengthen and deepen archaeological research".

The conference participants made presentations on the general historical and cultural significance of the Aral-Caspian region, analysis of problematic issues in the study of ethnoculture, polygenesis and immovable monuments of the region. During the conference, within the framework of the symposium "Ulken Donyztau - a unique historical and cultural territory and natural zone", the historical, cultural and socio-economic significance of Donyztau was presented, as well as recommendations for the creation of a national park.

At the conference, great works were mentioned on the history and culture of the country, monuments of the Eurasian region, works in the field of folk architecture and ethnography of the famous Kazakh ethnographer, professor and scientist Serik Azhigali, who celebrated his 70th birthday, congratulatory letters and gifts were presented.

Басты жаңалықтарды әзірлеген
Айгерке Сұлтанбекова

Health

Жайна Жақсылық Zhubanov University Студенттік емханасының эпидемиолог-дәрігері. Тұмау маусымының басталуына байланысты медицина маманына мәселеге қатысты сауалдар қойылып, жауап алынған еді. Әңгімелескен Гүлнара Қараша.

— Тұмау маусымы басталды. Көп адам ауырып тұрып жатыр. Әлеуметтік желіде ауырып қалған адамдардың пікірінше осы жолғы тұмау вирусы емге бой бермей жатқан көрінеді. Бұл маусымдық аурудың әр жылы өзіндік ерекшелігі болатын сияқты ғой?

— Иә, тұмау ауруы тез әрі кең таралатын маусымдық жұқпалы ауру. Жыл сайын күз, қыс айларында халық арасында тұмау ауруы өршиді. Ауру тарататын вирустың — А, В, С деген үш түрі бар. Тұмау вирусының сыртқы қабыршағының құрамында гемагглютинин (Н әрпімен белгіленеді) және нейраминидаза (N әрпімен белгіленеді) болады. Олар әр түрлі факторлардың әсерінен өзгеріп, тұмау вирусының жаңа вариантын түзуі мүмкін.

— Жер бетінде тұмаумен бірде бір ауырмаған жан жоқ шығар. Бұл дерттің анықталу тарихына, отанына, себебіне байланысты қандай деректер бар?

— Статистика бойынша әрбір ересек адам кем дегенде жылына 2 рет, мектеп оқушалары 3 рет, мектеп жасына дейінгі балалар 6 ретке дейін тұмаумен ауырады екен.

Тұмаудың вирустық сипатын алғаш рет 1933 жылы ағылшын мамандары Smith, Andrewes, Leidlaw анықтады. Тұмау, грипп (лат. grippus,



ТҰМАУ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ

фр. gripper — “бас салу, шап беру”), ағылш. инфлюэнца — тыныс жолдарының жұқпалы вирустық ауруы. Аурудың қоздырғышы — ортомиксовирустар, олардың үш типі: А, В, С бар. Адамзат тұмау ауруының зардабын көп тартты. Соның ішінде 1918-1920 жылдары болған испан тұмауының індетінен дүние жүзінде 20 млн. адам қайтыс болған. Бүгінгі күні адамның тұмаудан қайтыс болуы өте сирек жағдай, өйткені оны емдеудің және асқындырмаудың тиімді жолдары табылған.

— Тұмауға шалдыққан адамның көбі жүре емделеді. Өзіне де, өзгеге де зиянын тигізіп. Бұлай істеуге болмайтынын дәрігер ретінде нақты деректермен қалай дәлелдеп, түсіндірер едіңіз.

— Халық арасында «Тұмау түбі — құрт» деп бекер айтылмаған. Себебі аурудың уақытылы алдын алып, ем қолданбаса, түрлі қосымша дерттің асқынуына әкеліп соғады. Мысалы, туберкулез, ревматизм және бастың жүйке жүйесі аурулары қозып, асқыну салдарынан кейбір сырқат адамның жағдайы нашарлап, өлімге әкеп соқтыруы мүмкін. Сондықтан тұмау белгісі білінген сәттен бастап дәрігер шақыртып, берілген кеңесті мүлтіксіз орындау қажет. Дер кезінде емделмеген жағдайда, өзінен бөлек, өз айналасындағыларға да зиянын береді, себебі бұл вирус адамның тыныс жолдарында, өңешінде өсіп-өніп тарайды және науқас адам жөтелгенде, қақырып, түшкіргенде вирустар сілекей шашырандыларымен ауаға тарайды.

— Тұмау диагнозы өте қауіпті үкім тәрізді сезіледі. Өйткені бұл дерттен көз жұму фактілері кездесетінін айтып отырсыз. Дегенмен адамдар арасында тұмауға байланысты қарапайым сақтану шараларын ұстанудағы немқұрайдылықты түпкілікті жою мүмкін емес. Оны күнделікті көріп жүрміз. Тұмау ауруынан аман қалғанмен оның адам органына қалдырар залалы туралы айтып берсеңіз.

— Бұл дерттен көз жұму фактілері бұрын кездескенмен, қазіргі таңда өте сирек немесе жоқтың қасы деп айтуға болады. Тұмау басталғанда адамның денесі делсал болып, көңіл-күйі нашарлайды және тағамға тәбеті болмайды. Бір-екі күннен кейін дене қызуы кө-

теріледі, басы ауырады, бұлшық еттері сыздап, буын-буыны сырқырайды, мұрны бітеді, дауысы қарлығып, жөтеледі, тамағы қызарып, жұтынғанда ауырады, көзі қызарып жасаурайды. Бірақ, адам дереу дәрігерге көрініп, емделсе, үш-бес күннен кейін дене қызу төмендеп, сауыға бастайды. Ал тиісті ем қабылдамаған жағдайда адам органына қалдырар залалы көп.

— Сізді дәрігер болғасын тұмаумен мүлдем ауырмайтын сияқты қабылдаймыз. Алайда қоғам мүшесі ретінде сізге де тұмау жұқтыру қаупі төнетін сәттер болады. Қалай сақтанасыз? Қызмет барысында, үй жағдайында.

— Негізі тұмаудың алдын алу-дың 3 әдісі бар. Ол екпе егу арқылы және дәрі-дәрмекпен алдын алу-жеке бас гигиенасы ережесін қадағалау.

Иә, жұмыс барысында науқас адамдармен жұмыс жасағандықтан тұмау ауруын жұқтыру қаупі жоғары, сондықтан міндетті түрде екпе аламын. Екпе — тұмауды бақылаудың басты амалы.

Екіншіден бетперде кию қажет. Тұмаудың алдын-алу үшін 0,25% оксалин майын күніне 2-3 рет мұрын ішіне жағу керек. Дәрігердің берген кеңесімен дәрілерді қабылдауға болады. Бір реттік қол орамал қолдану, бөлмені жиі желдету, яғни таза әрі ылғал ауа кіруін қамтамасыз ету қажет. Әрбір адам өз денсаулығына көңіл бөліп, толыққанды ұйықтап, таза ауада серуендеп, белсенді демалып, дәруменге бай тағамдар қолданса, ол ағзадағы кез келген инфекциямен күресуіне толық ықпал ететіні сөзсіз.

— Енді Студенттік емхана тарапынан тымау маусымына орай жастарға қандай тілек жолдар едіңіз. Тымаумен ауырудың олардың келешек өміріне тигізер зияны болады ма? Студенттер арасында бұл дерттің тіркелуі бар ма?

— Студенттік емхана тарапынан жастарға зор денсаулық тілейміз! Өз денсаулықтарыңызды күтіңіздер! Бұл тұмаудан сақтану үшін ЖРВИ және тұмаумен сырттанушылар көбейген кезде халық көп жиналған орындарда болмауға, салқын тигізіп алмауға тырысу қажет және ауа райына сәйкес киіну керек. Сол сияқты таза ауада серуендер алдында немесе көшеге шығар кезде мұрынға оксалин майын жағып алуға кеңес беремін.

Егер тұмау ауруын дер кезінде емдемесе немесе дәрігердің кеңесінсіз өз бетінше ем қабылдаған жағдайда келешек өміріне зиян келтіруі мүмкін. Ол жоғарыда айтылып өткендей: бронхит — бронхтың қабынуы, отит — құлақтың қабынуы, синусит — мұрын қойнау қосалқыларының қабынуы, фронтит — маңдай қойнауының қабынуы, миокардит — жүрек бұлшықеттерінің қабынуы және т.б. ауруларға әкеп соғады. Әрине, әсіресе жылдың күз, қыс айларында жедел вирустық инфекция көптеп тіркеледі. Сондықтан аурудың өршуін басу үшін студенттер арасында профилактикалық жұмыстар жүргізілуде.



☑ Career guidance

Ұлттық бірыңғай тестілеу (қысқаша ҰБТ) — Қазақстан Республикасында қолданылатын мектеп бітірушілердің білімін сынау жүйесі.

Ол елімізде 2004 жылдан бері өтіп келеді.

Оқушыларды ҰБТ-2023 жаңалықтарымен таныстыру, олар үшін мамандық таңдауға бағыт беру бойынша түсіндіру жұмыстарын өткізу маңызды.

Осындай мақсатпен Ұлттық тестілеу орталығының директоры Руслан Емелбаевтың өңірлерге іс-сапарының бірі Ақтөбеде өтті. Кәсіби бағдарға байланысты кездесуге Zhubanov University Студенттер сарайында қала мектептерінің 700-ге жуық мектеп оқушысы жиналды. Ал аудан мектептері кездесуге online қатысты. 11 класс оқушылары Ұлттық тестілеу орталығының директорына көкейдегі сұрақтарын қойды.

Алдағы сынақта енгізілген жаңашылдықтармен танысты. Руслан Емелбаев оқушыларға кәсіби бағдар да берді. Бұл туралы ол Facebook парақшасында “Кездесу барысында оларға 2023 жылғы ҰБТ ерекшеліктері, енгізілген өзгерістер және тестілеу сұрақтарын жетілдіру мақсатында атқарып жатқан жұмыстар туралы айтып бердім. Түлектер ҰБТ-ға дайындық барысы, таңдаған бейіндік пәндері туралы бөлісіп, соңғы өзгерістерге қатысты пікірлерін білдірді.

Сондай-ақ шекті балдар, квоталар мөлшері, грант конкурсы жайлы сұрақтарын қойды.

Кездесу соңында балаларға ҰБТ кезінде белгіленген ережелерді сақтау маңыздылығын еске салып, тестілеуді сәтті тапсыруларын тіледім”, — деп жазды.

Кездесу барысында Zhubanov University талапкерлерге білім бағдарламаларының көрмесін ұйымдастырды.

Алдағы оқу жылында ашылатын Ұлыбританияның Heriot-Watt университетінің филиалына оқуға түсу шарттары мен қос дипломды мамандықтар туралы мәлімет берілді.

Г.Қараша



ҰБТ жаңалықтары



Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БжҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрайымы-ректор
Лаура Қарабасова

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айгерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Айгерім Нуршина

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>
Facebook: ZhU oblystyq gazetі
Таралымы: 5000 дана